Abstract. The structure of a typical e-portfolio is described in the article. The authors have refined the understanding of e-portfolios as information and communication technology and how combined and structured fractal object that reflects the results of the educational process. There are described the characteristic features of the structure of e-portfolio from the perspective of the structural fractal object. Mapping of two fractal objects is built: e-portfolio as a synergistic object containing artifacts, it allows to demonstrate the learning outcomes and professional competence, consisting of specific and general competencies and personal qualities.

Keywords: e-portfolio, fractal object, information and communication technology, learning outcomes, competence, professional competence, the educational process.

Работа выполнена при поддержке грантового финансирования научно-технических программ и проектов Комитетом науки МОН РК, грант №3639/ГФ4.

ӘОЖ 378.18:378.4

К.З. Халықова

ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМЫТУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ МЕН РОЛІ

(Алматы қ., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті)

Аңдатпа. Мақалада болашақ маманның интеллектуалдық әлеуетін дамыту кәсіби білім берудің өзекті мәселесі ретінде қарастырылады. Интеллектуалдық әлеует, интеллект ұғымдарын талданған. Жеке тұлғаның инновациялық мәдениеті және оның негізгі құраушылары қарастырылған. Электрондық білім беру ортасы жеке тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін дамыту ортасы, ал электрондық портфолио дамыту құралы ретінде анықталған. Сондай-ақ, «Болашақ маманның электрондық портфолиосы» атты таңдау курсы ұсынылған.

Түйін сөздер: интеллект, интеллектуалдық әлеует, инновациялық ойлау, инновациялық мәдениет, ақпараттық білім беру ортасы, болашақ маманның электрондық портфолиосы

Қазақстанның болашағы өскелең жас ұрпақтарымен анықталады, сол себепті білім беру жүйесінің маңызды міндеттері жастардың әлеуетті қабілеттері мен таланттарын ашу жоғары маңыздылыққа ие. Бұл бағытта мемлекет және Ел Басы Н.Ә.Назарбаевтың жеке инициативасы бойынша маңызды қадамдар жасалды: «Дарын» бағдарламасы бойынша дарынды балаларға арналған мектептер, Назарбаев Интеллектуалдық мектептері мен оқытуды Халықаралық Стандарттарға сай жүзеге асыратын Назарбаев

**ИНФОРМАТИКА. ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.
БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ
ИНФОРМАТИКА, МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ
ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

университеті құрылып, табысты қызмет атқаруда. Қазіргі уақытта Қазақстанда жоғары білім беру жүйесін реформалау шеңберінде шығармашылықпен ойлай алатын мамандар даярлау міндеті қойылуда.

2011-2020-жылдарға арналған білім беру жүйесін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, орнықты экономикалық дамуды қамтамасыз ету үшін сапалы білімге қол жеткізу арқылы адам капиталын дамытуға бағытталады.

Жоғары білім беру саласында: «...еңбек нарығының қажеттілігін, жеке тұлғаның, елдің индустриалды-инновациялық даму міндеттерін қанағаттандыратын және білім беру саласында әлемдік практикаға сәйкес білім берудің жоғарғы деңгейдегі сапасына қол жеткізу қажеттілігі» аталып көрсетілген [1].

Кез келген мемлекеттің жоғары мектебі әлеуметтік институт ретінде инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыруға қажетті елдің интеллектуалдық кадрлық ресурсын қалыптастыруда негізгі жауапкершілікті мойнына алады, өйткені қоғамның білімділігі экономиканың барлық бөлігінің даму шарты болып табылады. Философия ғылымдарының докторы, профессор Ресей Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі Б.Г.Юдин атап көрсеткеніндей: «адамдарға сапалы жоғары білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, қоғам олардың білім сапасын және өзінің интеллектуалдық әлеуетін де арттырады» [2].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауына жан-жақты талдау жасаған академик Ғ.Есім: «Инновациялық ойлау жаңаша ойлаудың бағытын білдіретін ұғым, жаңалық - қозғалыстың бағытын анықтайтын түсінік» дей келе, оның үш өлшемі бар екенін атап көрсетеді: «жаңа ой (идея), жаңа іс, харекет және жаңа нәтиже» [3]. Ал жаңа, тың ой түйіндеп, оны іс-әрекет жүзінде жүзеге асырып, жаңа нәтижелерге қол жеткізетін, ақпараттық қоғамда өмір сүруге лайықты мамандар даярлау мәселесі жоғары кәсіби білім беру жүйесіне келіп тіреледі. Оның ішінде, іргелі білім негізін қалыптастыратын жалпы білім беретін орта мектеп мұғалімдерін даярлайтын педагогикалық жоғары оқу орындарына түсетін салмақ басым. Инновациялық ой түйіп, тұжырымдау, ең алдымен, жеке тұлғаның интеллектуалдық әлеуетінің даму деңгейіне тәуелді.

Қазіргі әлемге, оның ішінде, Қазақстан қоғамына өз бетімен шығармашылық интеллектуалдық дамуға қабілетті жеке тұлға қажет.

Жоғары оқу орындарындағы инновациялық процестердің үздіксіздігі мен тереңдігі болашақ маманның жеке тұлғалық және шығармашылық дамуы мәселесін қояды. Студенттің интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыруды және оның жаңа тәсілдерін іздеуді көздейді. Мұндай іс-әрекет:

- жоғары деңгейдегі кәсіби құзыреттілікке ие, шығармашыл, тәуелсіз, әлеуметтік жауапкершілігі мол жеке тұлғаны дамытатын жағдайды құруға;
- оқытуды зерттеумен үйлесімді біріктіре білетін, білім беру және мәдени компоненттердің интеграциялануына;
- жоғары академиялық стандарттарды, дәстүрлерді, университет мәдениетінің басты құндылықтары ретінде құндылық бағдарларды сүйемелдеуге;
- шығармашылық орта құруға, дербестендірілген даярлау формасын сүйемелдеу, өз бетімен білім мен тәрбие алуға мән беруге;
- білім мен тәрбие практикаларына педагогика, психология және әлеуметтану салаларындағы білімдерін қатыстыру;
- ақпараттық технологиялар, ғылыми бағыттармен, бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен таныстыру арқылы университеттегі білім беру бағдарламаларын кеңейтіп, жетілдіруге, студентті әлемдік білім беру мен ғылым кеңістігіне жұмылдыруға;

- студенттің жеке тұлғалық, интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін жүзеге асыратындай белсенді өмірлік көзқарасының қалыптасуын қамтамасыз ететін орта құруға бағытталуы тиіс.

Бұл аталған мәселелерден жеке тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыруды қамтамасыз ететін инновациялық орта құру қажеттілігі туындайды. Алдымен жеке тұлғаның интеллектуалдық әлеуеті ұғымын талдап көрейік.

«Интеллектуалдық әлеует» ұғымын талдау «интеллект» категориясын қарастыруды талап етеді.

Интеллект дегеніміз – мидағы бейнелеу іс-әрекетінің тұтастылығы мен үйлесімділігін, адамның ақыл-ой қабілетінің барлық жиынтығын білдіреді [4].

Ол өзіне адамзат мәдениетінің кең ауқымды тұстарын қамтиды және қоршаған шынайы әлемнің бейнеленуі әртүрлі интеллектуалдық деңгейде жүзеге асады: дұрыс мағыналы әрекет (тәжірибе), ақыл-парасат (ғылыми білім, заңдылықтар, жазбаша жарлық), ақыл-ой (адамзат қызметінің жаңа түрін құрып, интеграциялауда байқалатын жоғары ақыл-ой қабілеті). Оған мақсатты айқын түсініп, болашақты болжай білу тән.

Интеллект интеллектуалдық әлеуеттің субстанциалдық негізі болып табылады, индивидтің интеллектуалдық іс-әрекеті мен жүріс-тұрысындағы ерекшеліктерді алдын-ала анықтайтын «ішкі» механизм және ол оның әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Сондықтан дербес ментальдық тәжірибенің құрылымы мен құрамы адам санасындағы объективті шынайылықтың шығарылу сипатын, сондай-ақ, интеллектуалдық іс-әрекетінің өзіндік ерекшелігін алдын-ала анықтайды [5].

Бірақ интеллект мидың атқаратын функциясы бола отырып, белгілі бір іс-әрекетпен айналысатын адамда сәйкес білім болған жағдайда ғана онымен айналысуға мүмкіндік береді. Адамда тек интеллектің болуы ғана оның кәсіби табыстылыққа, қоғамдық прогресті тиімді басқаруға кепілдік бере алмайды, бірақ ол белгілі бір базаның құрылуына негіз болады.

Адамның қалыптасуы, оның интеллектуалдық әлеуетінің қалыптасуы адамдар, әлеуметтік топтар мен қоғамдастықтар арасындағы өзара қарым-қатынас, өзара әрекеттесу процесінде өтеді. Сонымен бірге, әлеуметтік құбылыс интеллектуалдық іс-әрекеттің көмегімен әлеуметтік рухани сапалардың жүзеге асырылуы арқылы жеке тұлғалық өлшемге ие болады.

Тұтасымен алғанда, жеке тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін танымдық мүмкіндіктердің кешені ретінде анықтауға болады, оның жүзеге асырылуы индивид пен социумның мәнді күштерін дамытудың шарты болып табылады.

Жеке тұлғаның интеллектуалдық әлеуеті кем дегенде төмендегідей үш қасиетке ие: біріншіден, ол белсенді болуға, іс-әрекетте жүзеге асырылуға қабілетті; екіншіден, кез келген қоғамда сабақтастықпен өмір сүруінің шарты ретінде көптеген адамдарды тұтас іс-әрекетке шоғырландыру, дәлірек айтқанда, жаңа буын алдыңғы буынның іс-әрекеті нәтижесінде жинақталған білімдерді, құндылықтарды, тәжірибелерді мұра тұтады; үшіншіден, іс-әрекеттің барлық түрін өзіне біріктіреді. Өйткені, рухани білім ретінде өндірістік салаға, ғылыми, білім беру, тәрбие беру, басқару және т.б. іс-әрекет салаларына енеді, оның тікелей басқарылу механизмі ретінде интеллектуалдық іс-әрекет алынады.

Индивидтің интеллектуалдық белсенділігінің көп түрлілігі қоғамның интеллектуалдық әлеуетінде байқалады, ол дербес интеллектің қарапайым жиынтығынан ғана тұрмайды, сонымен бірге, олардың жаңа сапалық күйін, жеке тұлғаның, әлеуметтік топтар мен қоғамдастықтардың интеллектуалдық әлеуетін дамытып, жүзеге асыру процесін ынталандыратын әлеуметтік байланыстар мен қатынастар жүйесін құруға қабілетті жинақталған интеллектің белгілі бір деңгейлерін қамтиды. Сонымен, қоғамдық интеллекттің жағдайы өндірістегі қоғамның мүмкіндіктерімен тікелей байланысты. Ал бұл процесс белгілі бір тарихи кезеңдегі басқару іс-әрекетінің түрлері, әдістері мен

**ИНФОРМАТИКА. ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.
БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ
ИНФОРМАТИКА, МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ
ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

принциптеріне, инновациялық мәдениеттің қалыптасуына тәуелді.

Инновациялық мәдениет дегеніміз не? Осы уақытқа дейін инновациялық мәдениет түсінігі туралы зерттеушілердің көзқарасын орнықты деп айту қиын. Адамзат мәдениетін динамикалық дамымалы күйінде қарастырсақ, ол өзінің мәні жөнінен инновациялық болып табылады. Сондықтан, академик Ф.Т.Михайлов инновациялық мәдениетті – «майлы-май» - өйткені, мәдениет анықтамасы бойынша *natura – naturans* шығаратын табиғат деп көрсетеді. Көпшілік жағдайларда инновациялық мәдениет термині инновациялық іс-әрекетке қажетті білім, іскерлік, дағдылар туралы деп айту жеткіліксіз болғандықтан ғылыми әдебиеттерде пайдаланылды, бірақ, жеке тұлға осы білімдермен қалай өзара әрекеттеседі, қандай жаңа білім жеке тұлғаның құрылымы мен ішкі әлеміне әсер етеді деген мәселе зерттеуді қажет етеді [6].

Инновациялық мәдениетті кең мағынада қарастырсақ (Л.Е.Елизарова), ол әлеуметтік феномен ретінде қоғамның барлық салалардағы инновацияларға: басқаруға, білім беруге, өндіріске, заңдылықтарға даярлығы мен қабілеттілігі [7].

Мәдениеттану анықтамалығында инновациялық мәдениетке төмендегідей анықтама беріледі: инновациялық мәдениет – бұл қоғам өміріндегі әр түрлі саладағы жаңалықты жүзеге асыруды қамтамасыз ететін әлеуметтік мәдени қауымдастыққа тән қалыптасқан орнықты нормалар, ережелер, тәсілдер жүйесі; нақты бір социумға тарихи бейімделген инновациялық әрекеттердің алгоритмі мен құрылымдық моделі болып табылады.

А.А.Поскряковтың берген анықтамасы эвристикалық құндылықты дәріптейді. Инновациялық мәдениет ескі мен жаңаның динамикалық бірлігін инновациялық жүйеде сақтай отырып, адамның өмірлік қызметінің барлық саласына жаңалықты кешенді енгізу және оны жан-жақты меңгеру, мақсатты көздей отырып даярлауға қажетті білімі, іскерлігі мен тәжірибесі ретінде қарастырылады.

Сонымен, инновациялық мәдениетке тән компонент ойлаудың инновациялық типі мен креативтілік болып табылады. Инновациялық ойлауды зерттеушілер: қоғамдық қатынастарда пайда болатын қарама-қайшылықты процесс пен оларды шығармашылық жолмен шешу ретінде қарастырады, қоғамдық құбылыстардың латенттік аспектілерін адамның көру қабілеті, қоршаған шынайылықтың мәнділігіне ену, олардың айналмалы жақтары мен әр түрлі қырларын көре білу (С.А.Кравченко) ретінде қарастырады.

Креативтілік адамның шығармашылық мүмкіндіктері ретінде анықталады, әлеуметтік мәнді шығармашылық белсенділікті көрсетуді қамтамасыз ететін қабілеттілік, адамның қандай да бір ерекше қасиеті; ғылыми мәселені басқаша, жаңа қырынан көруге әкелетін, шығармашылық әрекетке жетелейтін қабілеттілік ретінде қарастырылады (В.П.Делия).

Сөйтіп, инновациялық мәдениет жаңа білім, идея, инновациялық әрекетті шығарумен тұжырымдалатын креативті іс-әрекетті белсенділендіреді. Ол өз кезегінде интеллектуалдық әлеуеттің когнитивті-креативті құраушысын қалыптастыруды қамтамасыз ететін инновацияларды құру, меңгеру, тарату іс-әрекеті болып табылады.

Жеке тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін дамыту оның құндылық ұстанымдарына тәуелді. Инновациялық мәдениет жеке тұлғаны өмірде белсенді көзқарас ұстануға әкеледі, сонымен бірге, жеке жетістіктерін, шығармашылық процестеріндегі, өмірдегі жаңа образдар мен ойлардың дүниеге келуін қамтамасыз етеді.

Е.А.Алексеева: инновациялық мәдениет дегеніміз – қоғам мен индивидтің өмірлік қызметін өзгеріске бағыттайтын мақсаттар мен құндылықтар жиынтығы ретінде қарастырады және адам, топ, қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруды сандық және сапалық тұрғыдан кеңейтуге мүмкіндік беруі тиіс деп есептейді. Автордың пікірінше, адамның материалдық рухани өзіндік жеткіліктілігін қамтамасыз етуін жүзеге асыруға

ұмтылысы, еңбек іс-әрекеті мен танымдық процестегі дәстүрден тыс тәсілдерді жүзеге асыруы болып табылады.

Б.К. Лесина инновациялық мәдениетті адамдардың өмірлік қызметіндегі сапалық өзгерістердің алғы шарты ретінде қарастырады және қоғамдық қызметтің барлық саласындағы прогресс пен үйлесімділіктің әдіснамалық негізі деп есептейді. Түсіндірме сөздікте инновациялық мәдениет шығармашылық еңбектің құндылығымен, өнертабыспен, ұтымдылықпен, өзгерістерге ұмтылумен, инновациялар мен креативтіліктерге байланысты іс-әрекет түрлерінің пайда болуымен сипатталады.

Л.А. Холодкова адамның инновациялық мәдениетін оның адамның жаңа идеяларды қабылдауды қамтамасыз ететін, тәртіп нормалары мен үлгілеріне, мотивтеріне, білімдеріне, іскерліктеріне, дағдыларына бекітілген құндылық бағдарын бейнелейтін оның рухани өмірінің саласын ретінде қарастырады, өмірдің барлық саласында жаңалықты сүйемелдеп, жүзеге асыруға даярлығы мен қабілеттілігі деп есептейді. Инновациялық мәдениеттің қалыптасуын талдауға жүргізілген зерттеу нәтижелері адамның негізгі құндылықтары мен ұстанымдары шығармашылық белсенділік инновацияны меңгеруге бағдарлау, интеллектуалдық әлеуеттің когнитивті-креативті құраушыларын дамытуға бағыттылған өзін-өзі жүзеге асыруы болып табылатындығын көрсетті.

Сөйтіп, қазіргі әлеуметтік мәдени шынайылықтағы инновациялық мәдениеттің мәнділігі, ол жеке тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыруға, дарындылығын дамытуға әсер ететіндігімен түсіндіріледі.

Басқару қоғамдағы адамдардың өзара әрекеттесуін ұйымдастырудың объективті қажеттілігі ретінде пайда бола және мәдени эволюция процесінде дами отырып, әлеуметтік процестерге әсер етуге, әлеуметті түбегейлі өзгертуге қабілетті бола отырып, өз бетіндік интеллектуалдық білімге айналады.

Сонымен, жеке тұлғаның интеллектуалдық әлеуеті дегеніміз – бұл жеке тұлғаның білімі, интеллектуалдық іскерлігі мен дағдылары, жинақтаған тәжірибелері, жасырын мүмкіндіктері, шығармашылық ойлауы мен әлеуеті, сапаны бағалаудың квалиметриялық әдістерін қолдана білу қабілеттігі және арнайы құзыреттіліктерді меңгеруі болып табылады.

Жеке тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін қалыптастырудағы дарындылықтың тигізетін ықпалы оның *басқарылуында* болып табылады. Ол басқарылу үшін белгілі бір ортада өтуі тиіс. Дәлірек айтқанда, жеке тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін дамыту белгілі бір орталарда жүзеге асады. Қазіргі ақпараттық қоғамдағы осындай орта - ақпараттық білім беру ортасы болып табылады. Ақпараттық білім беру ортасы деп ақпараттық –коммуникациялық технологиялар негізінде білім беру іс-әрекетін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін инструментальдық құралдар мен ресурстар жүйесін түсінеміз [8].

Педагог мамандарды даярлау процесінде болашақ мамандардың өз іс-әрекетін жоспарлай білу, оны талдау іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру, өзінің оқудағы және кәсіби дамуындағы жетістіктерін бағалай білуге үйрету бүгінгі білім беру жүйесінің алдындағы тұрған өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл аталған мәселені жүзеге асыруда болашақ маманды электрондық портфолиосын құрып, оны жүргізуге үйретудің маңызы зор.

Болашақ маманның электрондық портфолиосын, біріншіден, студенттің оқу процесінде жеке жинақтаған оқу материалдарының жиынтығы және оның жеткен жетістіктері мен алған білімінің нәтижесі десек, екіншіден, өз іс-әрекетін жоспарлай білу, алған нәтижелерін талдай білу іскерлігінің қалыптасу көрсеткіші ретінде сипатталады.

Инновациялық технологияларды педагогикалық білім беру жүйесіне енгізу бағытында жүргізілген зерттеулердің нәтижесі, болашақ мамандарды электрондық

**ИНФОРМАТИКА. ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.
БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ
ИНФОРМАТИКА, МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ
ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

портфолио құрып, жинақтауға баулуды «Болашақ маманның электрондық портфолиосы» атты таңдау курсының оқыту шеңберінде жүзеге асыруға болатынын көрсетті.

Курсты оқыту мақсаты: білім беру портфолиосының қызметімен, түрлерімен және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде оны жүргізу әдістері мен тәсілдерімен таныстыру, АКТ-құзыреттіліктерін, электрондық білім беру ресурстарын құру саласындағы практикалық іскерліктері мен дағдыларын дамыту.

Курсты оқу нәтижесінде студент өзінің электрондық портфолиосын желілік жүйелердің бірінде құрып, оны пайдалану және ары қарай жүргізіп, дамыту әдістемесін меңгеруі тиіс.

Сонымен, ақпараттық білім беру ортасы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен оқыту процесін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе. Ол өз кезегінде, ұтымды ұйымдастырылған технологияның негізінде бүгінгі уақыт талабына сай, болашақ маманның интеллектуалдық әлеуетін, инновациялық мәдениетін қалыптастырып, дамытуға негіз болады деп есептейміз. Ал, болашақ маманның электрондық портфолиосы оның интеллектуалдық әлеуетінің қалыптасу көрсеткішінің бірі болып табылады.

1. Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана: послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана Астана, от 27 января 2012 г.
2. Юдин Б.Г. Интеллектуальный потенциал личности. Человеческий потенциал России: интеллектуальное, социальное, культурное измерение. Сборник научных работ / под ред. Б.Г. Юдина. – М.: Институт человека РАН, 2002. – 265 с.
3. Ғарифолла Есім. «Қазақстан -2050» - инновациялық ойлау жүйесі// «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журнал. – 2013, №4.
4. Крамаренко, В.Ю. Интеллект человека / В.Ю. Крамаренко, В.Е. Никитин, Г.Г. Андреев - Воронеж: Изд-во Воронежского ун-та, 1990, с. 105-106.
5. Холодная М.А. Психология интеллекта: парадоксы исследования. – Томск: Изд-во Том. Университета. – Москва: Барс, 1992. – 392 с.
6. Анисимов Н.Н. Инновационная культура учителя физики: учебное пособие. М.:1999.
7. Николаев А.И. Инновационный вызов: позиция депутата Государственной Думы//Инновации. 1999. №1,2.
8. Халикова К.З. Формирование самообразовательной компетентности студентов в условиях кредитной технологии обучения//BULLETIN D'EUROTALENT-FIDJIP Издательство: Международная академия КОНКОРД (Editions du LIPTO) (Romilly sur Seine) ISSN: 2101-5317// №3,2013. –стр.50-53

***Аннотация** В статье рассматривается развитие интеллектуального потенциала будущего специалиста как актуальная проблема профессионального образования. Проанализированы понятия: интеллектуальный потенциал, интеллект. Рассмотрены сущности инновационной культуры личности и основные составляющие инновационной культуры. Информационно-образовательная среда определена как среда развития, а электронное портфолио - средство развития интеллектуального потенциала личности. А также предложен элективный курс «Электронное портфолио будущего специалиста».*

***Ключевые слова:** интеллект, интеллектуальный потенциал, инновационное мышление, инновационная культура, информационно-образовательная среда, электронное портфолио будущего специалиста.*

***Abstract.** The development of the intellectual potential of the future specialist as urgent problems of vocational training is considered in the article. The notions as the intellectual potential, the intelligence are analyzed. The essence and the main components of the innovation culture is discussed.*

Information and educational environment is defined as the development environment, and the electronic portfolio - a means as developing the intellectual potential of the personality. The elective course "Electronic portfolio of the future expert" are given.

Keywords: *intellect, intellectual potential, innovative thinking, innovative culture, information and educational environment, the electronic portfolio of the future specialist.*

ӘОЖ 378

Ш.Т. Шекербекова, Г.А. Абдулкаримова

БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН КӘСІПТІК- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒЫТТА ДАЯРЛАУ

(Алматы қ., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті)

Аңдатпа. *Мақалада педагогикалық жоғары оқу орнында магистранттарды кәсіптік-педагогикалық бағытта оқыту мәселелері қарастырылады. Болашақ оқытушылардың әдістемелік құзырлылықтарының құрамы жоғары оқу орындарында оқыту әдістемесі ерекшеліктеріне байланысты анықталған. Магистранттардың әдістемелік құзырлылықтарын қалыптастыруға мүмкіндік жасайтын, әдістемелік қызметінің түрлері келтірілген. Әдістемелік құзырлылықтың әрбір компонентінің қалыптасуын бағалауға арналған әдістемелік қызметтің сипаттамалық көрсеткіштері көрсетілген.*

Түйін сөздер: *кәсіптік-педагогикалық қызмет, әдістемелік құзырлылық, әдістемелік қызмет, әдістемелік даярлау.*

Еліміздің әлемдік білім кеңістігіне енуге талпынысы, білім беру парадигмасының өзгеріп, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін педагогикалық кадрларды дайындаудың сапасын арттыруды талап етіп отыр.

Білім берудің өзекті мәселелері – кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның ролін арттыру және қазіргі заман техникасы мен технологиясын жоғары деңгейде қолдана білу.

Сондықтан жоғары мектептің күрделі де маңызды бір мәселесі студентті болашақ мамандығына оңтайландыру, кәсіптік біліктілігін дамыту, кәсіби бағдар берудің жаңа жүйесін жасау, іскер және құзіретті маман дайындау. Мұндай маман дайындау үшін білім беру үдерісін белсенділендіру, оқытудың жаңа формалары мен әдіс-тәсілдерін жетілдіру қажет. Оқу үдерісін белсенділендіру – берік те тиянақты білім берудің жолдарын қарастыру, студенттердің шығармашылық ойлауына, ізденуіне мүмкіндік жасау, оларды келешек мамандығына қызықтыра алу, оқу үдерісін ғылыми негізде ұйымдастыру және т.б.

Қазіргі уақытта Қазақстандық білім беру жүйесінде болашақ кәсіптік-педагогикалық қызметке магистратура студенттерін әдістемелік даярлауды жетілдіру өзекті міндеттердің бірі болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық

**ИНФОРМАТИКА. ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.
БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ
ИНФОРМАТИКА, МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ
ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

университетінде педагогикалық білім берудің жаңа үш деңгейлі жүйесі қалыптасып келеді. Бұл процесс жоғары оқу орынының құрылымына, ғылыми-зерттеу жұмысына, сонымен бірге білім беру процесіне елеулі инновациялармен енгізілуде. Сонымен бірге, оқытуды ұйымдастырудағы құзырлылық тәсілге, оқу-әдістемелік кешендерді модульдік құрастыруға, оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етуге ерекше мән беріледі. Әдістемелік даярлаудың мазмұнын, және кәсіптік құзырлылығын қалыптастырудағы оның үлесін анықтай отырып, информатика саласында мектепте білім берудің қазіргі даму кезеңдерінің ерекшеліктерін, мектеп курстарын құрастырудың негізгі идеялары мен тәсілдерін, мектептің жоғарғы сатысында оқытуды даралау және саралауды ескеру керек.

Болашақ информатика мұғалімінің әдістемелік құзырлылығының құрамы информатиканы оқыту әдістемесінің ерекшеліктерімен анықталады. Магистратурада магистранттардың кәсіптік дамуы және сапалы білім алуы үшін әдістемелік даярлаудың траекториясын қалай тұрғызу керектігі – бұл біздің алдымызда тұрған маңызды міндеттердің бірі.

Магистратурада мамандықтың оқу жоспарына сәйкес студенттердің әдістемелік дайындығын анықтайтын пәндер енгізілген: «Магистранттардың өзіндік оқу-танымдық қызметтерінің әдістемелік аспектілері», «Информатиканы оқыту әдістемесінен оқу-зерттеу жұмысын ұйымдастыру», «Информатиканы оқытуда инновациялық құралдарды қолданудың әдістемелік негіздері», «Информатикадан білімді бақылау мен бағалаудың қазіргі әдістері», «Білім беру порталдарының мазмұны және жасау технологиясы», «Жоғары оқу орында информатиканы оқыту әдістемесі», «Білім беру ақпараттандыру және оқыту мәселелері», бұл пәндерден басқа да педагогикалық және зерттеу практикаларының бағдарламалары жасалуда. Барлық пәндер екі оқу жылына бөлінген және мазмұны бойынша болашақ педагогтың кәсіби өсуіне сәйкес құрылуы тиіс, мектепте болашақ информатика мұғалімінің әдістемелік қызметіне сай болуы керек.

Көптеген ғалым педагогтардың еңбектерінде әдістемелік даярлаудың сапасы жүйелік сипатта анықталады, педагогтың кәсіби құзырлығының бірі ретінде, «әдістемелік құзырлылық» ұғымы арқылы қарастырылады [1].

Педагогика саласындағы әдебиеттерде әдістемелік қызметке әр түрлі көзқарас қалыптасқандығын кездестіруге болады. Солардың ішіндегі авторлардың кейбіреулері (Ю.К. Бабанский, А.П. Ситник) әдістемелік қызметке педагогтың өзіне-өзі білім беруімен, дидактикалық құралдармен жұмыс жасау, пәндік салада білімді жетілдірумен байланысты әдістемелік жұмыстарды жатқызады.

Ал, педагогика саласындағы әдебиеттерде әдістемелік қызметке басқа авторлардың (В.И.Ерошина, А.В.Усова және т.б.) көзқарасы бойынша әдістемелік қызметке нақты бір пәнді оқытуға байланысты қызметтерді жатқызады. Бұл жағдайда авторлар педагогтың әдістемелік және оқытатын қызметтерінің ерекшеліктерін қарастырмайды, ал «әдістемелік қызмет». «оқытатын қызмет» терминдері синоним ретінде қолданылады [2].

Педагогика саласындағы әдебиеттердегі үшінші көзқарас бойынша ғалым-зерттеушілер (Н.Е.Эрганова, Ю.Г.Татур) әдістемелік қызмет кәсіптік-педагогикалық қызметтердің құрылымындағы ерекшеліктермен анық көрсетілген өзіндік біліктердің жиынтығы ретінде келтіреді [3].

Біз бұдан былай информатика оқытушыларын даярлаудың әдістемелік жүйесі болашақ педагогтың жеке тұлғасының сапасының кәсіптік мәнін қалыптастыруға қойылатын талаптарына негізделеді деген пікірге тоқталамыз. Әдістемелік құзырлылықты кеңейту үшін магистратура студенттерін оқытудың әртүрлі әдістері мен формаларымен таныстыру, кәсіптік дағдыларын белсендіру, сонымен қатар, пәндік қызмет түрін педагогикалық қызметке ауыстыра білу дағдыларын қалыптастыру қажет болады [4].

Магистратура студенттерінің әдістемелік қызметін тікелей бақылауға болмайды, ол магистратурада екі жыл оқыту барысында әдістемелік жобалау және конструкциялау нәтижесі арқылы көрсетіледі. Магистратура студенттерінің әдістемелік қызметінің нәтижесі, құрамында мысалы, ақпаратты берудің әртүрлі формаларында оқу материалдарын әдістемелік жағынан дайындалған, информатика мен программалаудан есептер шығару, жұмыс дәптері, әдістемелік ұсыныстар, компьютерлік оқу программалары, өткізілетін сабақтың конспектісі және т.б. тұратын әдістемелік портфолио. Сонымен бірге, портфолио қағазға басылған түрінде, және сандық ақпарат ресурстары түрінде болуы мүмкін.

Сонымен қатар, магистраттардың әдістемелік қызметі деп информатиканың жеке бөлімдері және оның қосымшалары бойынша оқу қызметін жүзеге асыратын, оқыту құралдарын жобалау, жасау және құрастыру, зерттеу бойынша кәсіптік қызметінің өзіндік түрі деп түсінуге болады. Магистраттардың әдістемелік қызметінің түрлеріне біз келесілерді жатқызамыз: оқу және программалық құжаттарды талдау; информатиканың базалық және кәсіптік деңгейлерінде оқу материалдарын әдістемелік талдау; кәсіптік мектепте сабақтар жүйесін жоспарлау; сабақтың әртүрлі типтерінде оқу материалдарын берудің формаларын модельдеу және құрастыру; оқыту әдістемесін жасау; бақылаудың түрлерін және формасын жасау; сабақта оқышылардың қызметін басқару және бағалау; сабаққа дайындалу барысында және оның нәтижелерін талдауда өзінің қызметіне ой жүгіртуді орындау. Қарастырылған әдістемелік қызметтің түрлері әдістемелік даярлаудың көп түрлерін қамти алмайды.

Әдістемелік қызметті меңгеру, қандай да бір деңгейлерде қалыптасуы мүмкін болатын, әдістемелік құзырлылықты игеру арқылы жүргізіледі. Біздің жағдайымызда, әдістемелік құзырлылық-бұл информатиканы оқыту әдістемесі саласындағы теориялық білімді қалыптастырудың жүйесі және информатика оқытушысының негізгі педагогикалық функцияларын іске асыратын, әдістемелік білік кешені [4].

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің математика, физика және информатиканы оқыту кафедрасының кәсіптік-әдістемелік пәндерінің құралдарымен әдістемелік құзырлылықты меңгеру әдістемесін жобалау үшін, біз болашақ информатика оқытушыларына қойылатын талаптар тобымен қалыптастыруды қарастырдық.

Жалпы алғанда, әдістемелік құзырлылық әр компоненттерінің қалыптасу деңгейі мәліметтерді өңдеудің әр түрлі процедуралары мен әдістерімен диагностикаланды.

Енді әдістемелік құзырлылықты меңгерудің деңгейлеріне тоқталамыз. Әдістемелік құзырлылықты меңгерудің бірінші деңгейіне – әдістемелік тәсілдерді орындаудың мақсатын сезінуі, оның операциялық құрамын түсінуі мен ұсынылған инструкция бойынша орындалуы жатады. Әдістемелік біліктіліктер кәсіптік-әдістемелік цикл пәндерін оқыту барысында, осы деңгейде қалыптасады.

Екінші деңгейде магистраттарға жеке әдістемелік тәсілдерді қолдануды және олардың оқу жағдайларындағы кешендерді демонстрацияланады. Бұл деңгейдің әдістемелік біліктілігі педагогикалық және зерттеу практикасын жүргізу барсында меңгереді.

Әдістемелік құзырлылықтың қалыптасуының үшінші деңгейінде жаңа пәндік саласында жеке әдістемелік тәсілдер мен әдістемелік қызметтің түрлері ауыстырылуымен сипатталады. Мұндай ауыстыруларды жүзеге асыру әдістемелік қызмет пен әдістемелік шығармашылықтың қалыптасқан дағдыларының мақсаты мен қолдануларын білуі негізінде орындалады. Үшінші деңгей педагог-практиканттың әдістемелік құзырлығын білдіреді. Бұл деңгейге барлық магистранттар қол жеткізе алмайды, тек кім де кім мектеп, гимназия және колледж базасында өздерінің педагогикалық және зерттеу қызметтерін белсенді жүзеге асырса ғана қол жеткізеді.

Біз тәжірибе барысында байқағанымыз, әрбір магистратура оқитын магистранттар

**ИНФОРМАТИКА. ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.
БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ
ИНФОРМАТИКА, МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ
ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

бірден әдістемелік жұмыспен айналыса алмайды. Бірінші магистранттарды оқыту үдерісі, ұтымды әдістемелік тәсілдерді іздеу, әдістемелік жасалымдарды жасау, көрнекілік құралдарын, оқу материалдарын таңдау, ақпараттық қолдау құралдарын, сабақтың программалық қамтамасыз етілуін қарастырады. Біздің тәжірибеміз көрсетіп отырғандай, оқыту нәтижесінің әдістемелік қызметінің мәнін сезіну – бұл ұзақ үдеріс болып табылады, және бұған бір жыл уақыт жеткілікті емес екендігін көруге болады. Бұл аралықта әдістемелік қызметтің ерекшеліктері – кәсіптік-педагогикалық қызметтің жалпы құрылымындағы әдістемелік компоненттердің күңгірт сипатталуы болып табылады [5].

Профессор-оқытушы құрамының, оның ішінде практика етекшілерінің ашық сабақтарға қатысуы, озат оқытушылардың тәжірибесін үйрену және әртүрлі кәсіптік конкурстар, әдістемелік жасалымдардың оқыту жетістіктеріне әсерінің маңыздылығын түсіну әдістемелік қызметтің оқытатын қызметке қарағандағы ерекшелігін сезінуге көмектеседі. Келесі үдеріс білім беру ұйымдарының әдістемелік жұмыс тәжірибесін жалпылау, магистранттың практикалық қызметімен тығыз байланысты болады. Сондықтан оқыту барысында практика базасымен өзара тығыз байланыста жүзеге асырылады.

Магистратурада оқитын магистранттар оқыту аралығында әдістемелік тәжірибені жалпылау және беру міндеттерін өз бетімен қоя алмайды, әртүрлі кәсіптік мектептерде информатиканы оқыту мақсатын бәрі түсіне бермейді, оқытудың дифференциалдық тәсілдерін қолдануды бәрі біле бермейді, қазіргі оқыту технологияларын таңдауда қиналады. Бірақ, негізгі және кәсіптік мектептерде оқыту әдістемесін салыстыра алады, кәсіптік мектепте өздерінің жұмыс істеу мүмкіндігін тек педагогикалық практика кезінде бағалай алады. Сондықтан әдістемелік қызметті теориялықтан практикалық деңгейге ауыстыру тек педагогикалық практикада мүмкін болады, болашақ педагогтың кәсіптік қызметтің өзіндік түріне айналдыру қажеттігі ескертіледі.

Магистратурадағы педагогикалық практика үш модульден тұрады:

- магистранттардың оқу-әдістемелік жұмысы;
- магистранттардың пән бойынша сыныптан тыс жұмысы;
- магистранттардың студенттермен жүргізетін тәрбие жұмысы.

Магистранттардың оқу-әдістемелік жұмысы практика уақытында кәсіби-педагог дағдыларын (жоспарлау, құрастыру, оқу қызметтерін жүргізу, оқу сабақтарын конспектілеуде практиканттарда рефлексия болады) меңгереді деп болжанады. Магистрант өзінің әдістемелік жасалымын өзінің қызметтерінің стратегиясын негіздеумен және сабаққа талдау жасау уақытында оны іске асыруда, немесе жоғары оқу орны оқытушысымен бірге, кафедрадан практика жетекшісімен, сонымен қатар, кафедра семинарларында және мектепте мұғалімдердің әдістемелік бірлестігінің мәжілісінде қорғайды.

Магистранттың оқу сабағының мазмұны мен жүргізу технологиясының оқу-әдістемелік жасалымдары өзіндік іздеу және шығармашылық қызметтің анықталған деңгейін көрсетеді. Магистранттың жасаған әдістемесінің технологиясының тиімділігі, оқу сапасын диагностикалаудың әртүрлі құралдарын қолданумен оқушылардың жетістігі мен оқығандығын талдаумен дәлелденеді. Магистранттың оқу жұмысының қорытындылары есеп беру түрінде және практиканы талдау түрінде безендіріледі.

Магистранттарды әдістемелік даярлау кәсіптік әдістемелік қызметке айналады, әртүрлі бағыттарға арналған оқыту құралын, әдістерін, оқыту әдістемесін, оқытатын программаларды және т.б. жасауды қамтамасыз етеді және оған жағдай жасайды. Магистратурада оқитын магистранттардың әдістемелік даярлаудың сипатталған тәсілі информатика оқытушыларын құзырлылық тұрғыдан даярлауда әдістемелік қызметтердің

түрлерін қалыптастыруға бағыталады.

Болашақ информатика оқытушыларын құзырлылық тұрғыдан даярлау жеке тұлғаға-бағытталған оқытудың негізгі принциптеріне сүйенумен, білім алушылардың тұлға ретінде дамуына бағытталуымен, мектепте және жоғары оқу орнында информатиканы оқыту үдерісін жүзеге асыруды меңгеруге, сабақтың мақсатына және материалдың мазмұнына сәйкес, сонымен қатар білім алушылардың қызығушылығы, қажетсінуі және жеке тұлғалық мәні есебімен, оның психологиялық және типологиялық ерекшеліктерімен, оқыту құралдарын рациональды және кешенді қолданумен, соның ішінде оқытуды ақпараттандырудың қазіргі құралдарын, оқытудың қазіргі технологиялары мен әдістемесін таңдауға сонымен қатар, біліктілігін жетілдіру және көтеру мақсатымен өзінің қызметін талдауға бағытталады.

1. Кузьмина Н.В., Реан А.А. Профессионализм педагогической деятельности. – СПб, 1993.
2. Ерошина, В.И. Методическая деятельность педагога // Профессионал. – 2004. - № 3. – С. 21 – 24.
3. Эрганова Н. Е. Методика профессионального обучения / Н. Е. Эрганова. – М. : Издательский центр «Академия», 2007. – 162 с.
4. Абдулкаримова Г.А. Особенности подготовки будущих учителей информатики // Материалы международной научно-практической конференции «Фундаментальные науки и образование» 2-3 октября 2013, АГАО, г. Бийск, Россия. - 2013.- С.37-40.
5. Абдулкаримова Г.А., Шекербекова Ш.Т., Магистратурадағы студенттерді болашақ кәсіптік-педагогикалық қызметке әдістемелік даярлау мәселесі// Материалы Респ.семинара «Методическая деятельность в современных условиях и перспективы ее развития» 14-15 мая 2015, Алматы.- С.246-249

***Аннотация.** В статье рассматриваются проблемы профессионально-педагогической направленности обучения магистрантов педагогического вуза. Определен состав методических компетенций будущих преподавателей, с учетом особенностей методики преподавания в вузе. Приводятся виды методической деятельности магистрантов, способствующих формированию их методической компетентности. Для оценки сформированности каждого компонента методической компетентности описаны характерные показатели деятельности.*

***Ключевые слова:** профессионально-педагогическая деятельность, методическая компетентность, методическая деятельность, методическая подготовка.*

***Abstract.** The article examines the problem of professional-pedagogical orientation in teaching undergraduates of pedagogical universities. A structure of the methodical competences of future teachers is determined with regards of the peculiarities of teaching methods in universities. Types of undergraduates methodological activities are considered, that contribute to the formation of methodical competence. For the assessment of the completeness of each methodical competence component, specific indices of sphere are described.*

***Keywords:** professional-pedagogical activity, methodical competence, methodical work, methodical preparation.*

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2012 жылы 10 шілдедегі № 1082 Шешімімен Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ұсынысымен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Физика-математика ғылымдары» сериясы бойынша Хабаршы журналы ғылыми қызметтерінің негізгі нәтижелерін жариялау үшін келесі мамандықтар бойынша ұсынылатын басылымдар Тізіміне енгізілгенін хабарлаймыз:

- 01.01.00 топ мамандықтары бойынша – физика-математика ғылымдары (математика);
- 01.02.00 (01.02.01, 01.02.04, 01.02.06) мамандықтары бойынша – физика-математика ғылымдары (механика);
- 05.00.00 (05.02.18) мамандықтары бойынша – техникалық ғылымдар;
- 13.00.00 (13.00.02) мамандықтары бойынша – педагогика (оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі /математика, физика, информатика/) ғылымдары;
- 01.04.00 топ мамандықтары бойынша - физика-математика ғылымдары (физика).

2009 жылдан бастап Инженеринг және Технология Институтымен (Ұлыбритания) ақпараттық-қолдау қызмет көрсетуге жасалған келісім-шарттың (№2, 12.01.2009ж.) негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ «Физика-математика сериясы» бойынша Хабаршы журналында жарияланатын мақалалардың реферативті ақпараты INSPEC электронды мәлімтер қорына енгізіледі.

Редакция ғылыми мақала материалдарын толығымен немесе жекелеп ғылыми дәйексөз индексімен қамтамасыз ететін қазақстандық және шетелдік мекемелерге беруге, сонымен қатар осы материалдарды журналдың интернет сайтына орналастыруға құқылы.

«ХАБАРШЫ. ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ҒЫЛЫМДАРЫ СЕРИЯСЫ» ЖУРНАЛЫНА БАСЫЛАТЫН МАҚАЛАЛАРДЫ БЕЗЕНДІРІЛУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

I. Қажетті материалдар

- 1.Парақтары төменгі жағында қарандашпен нөмірленген мақаланың қатты көшірмесі (2 дана), барлық авторлар мақала мәтінінің бір данасына қол қоюлары керек;
2. Мақаланың аты, мақалаға үш түрде (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) жазылған аңдатпалардың, түйін сөздердің қатты көшірмесі (1 дана). Аңдатпада зерттеудің мақсаты мен әдіснамасын, негізгі жетістігі мен қорытындысын көрсету қажет. Аңдатпада 5-7 сөйлем болуы керек. Түйін сөздер саны электрондық іздеу жүйесінде мақала табылатындай 5-10 сөзден (сөз тіркесінен) тұруы керек.
- 3 Автор (авторлар – 4 адамнан артық болмау керек) жайында мәліметтердің қатты көшірмесі (1 дана): Ф.А.Ә. толығымен, жұмыс орны (ұжым аты, жоғары оқу орынның толық аты), атқаратын қызметі, жұмыс телефоны, үйдің мекен-жайы, үй телефоны, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, e-mail.
4. Мақаланың, мақалаға жазылған аңдатпаның және түйін сөздердің электрондық түрі;

II. Мақаланы безендіру ережесі

- 1.Мақала мәтіні Word редакторында бірлік интервал арқылы терілу керек;
- 2.Парақ пішімі : 210 x 297 mm (A4);
3. Жоғары, төменгі, оң жақтағы, сол жақтағы өрістер: – 2,5 см;
- 4.Мақала беттері нөмірленбейді;
- 5.Шрифт: Times New Roman (қазақ, орыс, ағылшын тілдері үшін), өлшемі - 12 пт; Абзацтық жылжу– 1 см.;
6. Кестелер мен графикалық материалдар (суреттер, графикалар, фотосуреттер және т.б.) толассыз нөмірленулері және атаулары (кегль №11) болуы керек. Барлық кестелер мен графикалық материалдарға мақала мәтінінде сілтемелер болуы керек. Берілген нысандар сілтемелерден кейін орналасуы қажет. Word редакторында орындалған суреттер нысан ретінде қойылуы керек;
7. Мақала мәтіні ені бойынша форматталуы керек.

III. Формула жазуға қойылатын талаптар

Формулалардағы (Equation) символдар өлшемдері : Обычный – 11 пт, Крупный индекс – 6 пт, Мелкий индекс – 5 пт, Крупный символ – 24 пт, Мелкий символ – 4 пт; формулалар беттің ортасы бойынша орналастырылады. Сілтеме жасалатын формулаларды ғана нөмірлеу керек. Формулалар толассыз нөмірленеді. Формулалар нөмірлері оң жақ шетімен тегістеледі де, дөңгелек жақшаға алынады. Мәтінде де формулаларға сілтемелерді дөңгелек жақшаға жазады.

IV. Әдебиеттер тізімі

мақалада пайдаланылған әдебиеттер мәтінде пайдалану ретіне сәйкес қолжазбаның соңында келтіріледі. Мақаладағы әдебиетке сілтеу квадраттық жақшада беріледі, мысалы, [1], [2,3], [4-7].

V. Мақаланың түрі

1. Сол жақ жоғарғы бұрышта бас әріптермен ӘОК (кегль №13);
2. Жартылай қарайтылған кіші әріптермен (кегль №13) ортада автордың (авторлардың саны 4 адамнан аспауы керек) фамилиясы және аты-жөні;
3. Бір бос жолдан кейін жартылай қарайтылған бас әріптермен (кегль №13) мақала аты;
4. Бір бос жолдан кейін дөңгелек жақшада автор (авторлар) жұмыс істейтін немесе оқитын қала және ұжымның аты; егер автор (авторлар) білім алушы болса, * (жұлдызша) белгісінен кейін білім алушының статусы (студент, магистрант, докторант) жазылады (кегль №11);
5. Бос жолдан кейін мақала жазылған тілде 5-7 сөйлем көлемінде аңдатпа және 5-10 сөздер болатындай түйін сөздер (кегль №11, курсив);
6. . Бір бос жолдан кейін мақала мәтіні (кегль №12);
7. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі мәтіннен кейін екі бос жол тастап (кегль №11) кіші әріптермен келтіріледі. Бірлік интервал.
8. Бос жолдан кейін 2 тілде мақалаға аңдатпа және 5-10 сөздер (сөз тіркесі) болатындай түйін сөздер (кегль №11, курсив).

1-мысал. Мақаланы безендіру

ӘОЖ

ФИО, ФИО*

МАҚАЛАНЫҢ АТЫ

(қала, мекеменің аты, * - студент/магистрант/ докторант)

Аңдатпа. Мақала тілінде (5-7 сөйлем).

Түйін сөздер: Мақала тілінде (5-10сөз, сөз тіркесі)

Мақала мәтіні (5-7 бет)

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Аңдатпа. Мақала тілінен өзге 2 тілде (5-7 сөйлем).

Түйін сөздер: Мақала тілінен өзге 2 тілде (5-10 сөз, сөз тіркесі)

VI. Мақалаларды жариялау тілдері – қазақ, орыс, ағылшын тілдері.

Редакцияға түскен мақалаларға білім саласы бойынша мамандар мен ғылымдар пікір береді. Пікір негізінде редакция алқасы авторға мақаланы тағы да толықтыруға (түзетуге) ұсыныс жасауы, не мүлдем қайтарып беруі мүмкін. Бұрын жарияланған немесе басқа баспаға жіберілген мақалалар қабылданбайды.

Мақала көлемі 5-7 бет. Көлемі 7 беттен артық болған жағдайда журнал редакциясымен хабарласып келісулері қажет. Мақала мәтініне енетін иллюстрациялардың, сұлбалардың және кестелердің көлемі мәтіннің жалпы көлеміне кіреді.

Мақаланы дайындау және жариялау бойынша пайда болған барлық сұрақтар бойынша журнал редакциясына хабарласыңыздар.

Мекен-жайы: Алматы қаласы, Төле би 86 көшесі, Абай атындағы ҚазҰПУ, Математика, физика және информатика институты, жұмыс телефоны - **8(727) -2 61-68-69, e-mail Vestnik_KazNPU@mail.ru**

УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

Информируем Вас, что Решением Комитета по контролю в сфере образования и науки МОН РК от «10» июля 2012 года № 1082 «Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая, Серия физико-математические науки» включен в Перечень изданий, рекомендуемых Комитетом по контролю в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан для публикации основных результатов научной деятельности по следующим направлениям:

- по специальностям группы 01.01.00 – физико-математические науки (математика);
- по специальности 01.02.00 (01.02.01, 01.02.04, 01.02.06) – физико-математические науки (механика);
- по специальности 05.00.00 (05.02.18) – технические науки;
- по специальности 13.00.00 (13.00.02) – педагогические науки (теория и методика обучения и воспитания /математика, физика, информатика);
- по специальностям группы 01.04.00 – физико-математические науки (физика).

С 2009 г. действует Договор с Институтом Инжиниринга и Технологий (Великобритания), (№2 от 12.01.2009 г.) на оказание информационно-сопроводительных услуг, согласно которому реферативная информация о статьях, публикуемых в Вестнике КазНПУ имени Абая, вносится в электронную базу данных INSPEC.

Редакция имеет право частично или полностью предоставлять материалы научных статей в казахстанские и зарубежные организации, обеспечивающие индекс научного цитирования, а также размещать данные материалы на Интернет-сайте журнала.

ТРЕБОВАНИЯ К ОФОРМЛЕНИЮ СТАТЕЙ ПУБЛИКУЕМЫХ В ЖУРНАЛЕ «ВЕСТНИК. СЕРИЯ ФИЗИКО-МАТЕМАТИЧЕСКИЕ НАУКИ»

I. Представление необходимых материалов

1. Текст статьи в твердой копии с пронумерованными, внизу по центру карандашом, страницами (2 экз.), один экземпляр текста статьи должен быть подписан всеми авторами.
2. Название статьи, аннотации к статье, ключевые слова (на 3-х языках: казахском, русском, английском) в твердой копии (1 экз.). В аннотации необходимо указывать цель и методологию исследования, основные достижения и выводы. Объем аннотации – 5-7 предложений. Ключевые слова: 5–10 слов (словосочетаний), по которым статьи могут быть найдены в электронных поисковых системах.
3. Сведения об авторе (авторах – не более 4 человек) в твердой копии на 3-х языках (1 экз.): фамилия, имя, отчество, место работы (город, название организации/вуза без сокращений), ученая степень и звание, должность, e-mail, контактный телефон.
4. Статья, аннотации к статье, ключевые слова в электронном виде.

II. Правила оформления статей.

1. Текст статьи должен быть набран в редакторе Word через одинарный интервал;
2. Формат листа: 210 x 297 mm (A4);
3. Поля: верхнее, нижнее, правое, левое – 2,5 см;
4. Страницы статьи не нумеруются;
5. Шрифт: Times New Roman (для каз., рус. и англ. языков), размер - 12 пт; Абзацный отступ – 1 см.
6. Таблицы и графические материалы (рисунки, графики, фотографии и др.) должны иметь сквозную нумерацию и названия (кегль №11). На все таблицы и графические материалы должны быть сделаны ссылки в тексте статьи. При этом расположение данных объектов должно быть после ссылок на них. Рисунки, выполненные в редакторе Word, должны быть вставлены как объект.
7. Текст статьи должен быть отформатирован по ширине.

III. Требования к написанию формул

Размеры символов в формулах (Equation): обычный – 11 пт, крупный индекс – 6 пт, мелкий – 5 пт, крупный символ – 24, мелкий – 4 пт; формулы располагают по центру страницы, Нумеровать следует только те формулы, на которые приводятся ссылки. Нумерация формул должна быть сквозной. Номер формулы располагают по правому краю страницы и заключают в круглые скобки. В тексте ссылку на формулу также приводят в круглых скобках.

IV. Список литературы, использованной в статье, составляется по ходу упоминания ее в тексте и приводится в конце рукописи. Ссылки на литературу в тексте указываются в квадратных скобках, например, [1], [2,3], [4-7].

V. Вид статьи

1. УДК в левом верхнем углу прописными буквами (кегель №13);
2. Полуужирными строчными буквами (кегель №13) по центру инициалы и фамилия автора (авторов не более 4 человек);
3. Через пустую строку полуужирными прописными буквами (кегель №13) название статьи;
4. Через пустую строку в круглых скобках, город и название организации, где работает или учится автор (авторы). Если автор (авторы) обучающиеся, то после знака * (звездочка) – указать статус обучающегося (студент, магистрант, докторант) (кегель №11);
5. Через пустую строку аннотация на языке публикации в 5-7 кратких предложениях (кегель №11);
6. Через пустую строку текст статьи (кегель №12);
7. Используемые источники, указываются после текста статьи, через две пустые строки строчными буквами (кегель №11). Интервал – одинарный;
8. Через пустую строку аннотации к статье на 2-х языках, ключевые слова: 5–10 слов (словосочетаний) (кегель №11, курсив).

Образец. Оформление статьи

УДК

ФИО, ФИО*

НАЗВАНИЕ СТАТЬИ

(город, название организации, *- студент/магистрант/докторант)

Аннотация. На языке статьи (5-7 предложений).

Ключевые слова: на языке статьи

Текст статьи (*не менее 5 и не более 7 стр.*)

Список литературы

Библиографический список

Аңдатпа.

Түйін создер:

Abstract.

Keywords:

VI. Языки издания статей – казахский, русский, английский.

Поступившие в редакцию статьи рецензируются ведущими специалистами и учеными по отраслям знаний. На основании рецензии редколлегии может рекомендовать автору доработать статью или отказать в публикации. Рукописи статей, опубликованных ранее или переданных в другие издания, не принимаются.

Рекомендуемый объем статьи – не менее пяти и не более семи страниц. В ином случае вопрос по объему статьи необходимо согласовать с редакцией журнала. Иллюстрации, схемы, таблицы, включаемые в текст статьи, учитываются в общем объеме текста.

По всем вопросам, связанным с подготовкой, представлением и публикацией материалов, необходимо обращаться в редакцию журнала.

Адрес: г. Алматы, ул. Толе би 86, КазНПУ им. Абая, Институт математики, физики и информатики
рабочий телефон 8(727) -2 61-68-69, e-mail Vestnik_KazNPU@mail.ru